

2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ГЕНОМДЫҚ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ»

ЗАҢЫНЫҢ ҮҚТИМАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ,  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫН

**ЗЕРТТЕУ**



**Авторлық ұжым: Д.У. Мұхамеджанова, Л.С. Асаинова, Д.Б. Бектұрғанов, Д.Б. Буралкиева, Р.Е. Реймер**

**Беттеу және баспаға дайындау: Төлеуқанова А.Р.**

**Қазақ тіліне аудару мен редакция: Санбаева А.Б, Ханафия М.О.**

**Қазақстан Республикасының «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңының ықтимал экономикалық әлеуметтік және құқықтық салдарларын зерттеу. Нұр-Сұлтан, 2021. – 19 бет.**

---

**Бұл зерттеу Сорос-Қазақстан Қорының қаржылық қолдауымен дайындалды. Авторлардың зерттеуде білдірген пікірлері мен көзқарастары Сорос-Қазақстан Қорының ұстанымын не пікірін білдіруі міндетті емес.**

# МАЗМҰНЫ

**02** Қысқартылған атаулар тізімі

**03** Кіріспе

**04** Экономикалық ашықтықты қамтамасыз ету

**06** Экономикалық басымдылық жағдайындағы іс-әрекет

**08** Дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

**14** Халықаралық стандарттарға сәйкестігі

**16** Ұсыныстар

## Қысқартылған атаулар тізімі

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ІІМ	Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі
ҚР ҰҚК	Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті
«ЖБС»ААЖ	«Жеке басты биометриялық сәйкестендіру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ЕО	Еуропалық Одақ
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ТЭН	Техникалық-экономикалық Негіздеме
ДНҚ	Дезоксирибонуклеин Қышқылы
<b>GDPR</b>	<u><a href="#">General Data Protection Regulation / Жеке деректерді қорғау бойынша жалпы Регламент</a></u>

# КІРІСПЕ

☎ 8 (7172) 76-81-24

✉ erkindikqanaty@gmail.com

🏠 erkindikqanaty.com

2016 жылдың 30 желтоқсанында «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң (бұдан әрі - Заң) қабылданды. Алайда бұл заңды күшіне енгізу үрдісі бірнеше рет кейінге қалдырылды.

Алғашында «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның күшіне енгізілуі 2021 жылдың 01 қаңтарына жоспарланған. Бүгінгі күні Ішкі істер министрлігі ұсынған ресми ақпаратқа сәйкес, геномдық тіркеуге қатысты кейбір ережелерді қабылдау 2021 жылдың 1 шілдесіне шегерілді, ал дактилоскопиялық тіркеуге қатысты ережелерді қабылдау 2023 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылды.

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарының, шет ел азаматтарының және Заң бойынша қарастырылған азаматтығы жоқ тұлғалардың дактилоскопиялық және геномдық тіркеуіне байланысты қатынастары белгіленген. Дактилоскопиялық тіркеу ұғымының анықтамасы: *Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарының дактилоскопиялық тіркеу туралы ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, адамның жеке басын анықтау немесе растау бойынша жүзеге асыратын іс-шаралар.* Нақтырақ айтқанда, адамның жеке басын анықтауға бағытталған арнайы саусақ ізін алу үрдісі. Геномдық тіркеу дегеніміз - *дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу аласындағы биологиялық материал мен геномдық ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, адамның жеке басын анықтау немесе растау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын іс-шаралар.*

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің тек адамның жеке басын анықтау үшін ғана емес, сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, тәртіпті қорғауға, көші-қон процестерін бақылауға және төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік органдардың жұмысының тиімділігінің деңгейін арттыруға бағытталғанын атап өткен жөн.

Зерттеудің мақсаты экономикалық ашықтықты, экономикалық басымдылық шарттарына сәйкестікті, халықтың дактилоскопиялық және геномдық тіркеуге дайындығын, сондай-ақ, ұлттық құқықтың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету деңгейін талдау арқылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңының ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарының болжамдарын анықтау болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға бағытталған ұсыныстар айтылып өтеді.

## 1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ АШЫҚТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Осы уақытқа дейін мемлекеттік органдар тарапынан «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң нормаларын тиімді пайдалану үшін қажетті іс-шаралар мен шығыстар туралы жалпыға қол жетімді ақпаратты ұсынылған жоқ.

«Еркіндік қанаты» ҚР қоғамдық қорының Директоры Е.А.Швецованың 2021 жылдың 15 қаңтарындағы сұрағына жауап ретінде ҚР ИІМ келесі ақпаратты айтып өтті:



*«Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 «2020 жылға нақтыланған Республикалық бюджет туралы» Жарлығына сәйкес, «Жеке басты биометриялық сәйкестендіру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – «ЖБС» ААЖ) құру шығыстары 6 112 633 мың теңгеге азайтылды.*

*2020 жылы дактилоскопиялық тіркеу жүйесіне бөлінген қаражат шеңберінде Ішкі істер министрлігі серверлік бөлмелерді қосымша жабдықтау және серверлік жабдықты сатып алу бойынша жұмыстар жүргізді. Қазіргі уақытта ИІМ Заңды іске асыру мақсатында қажетті құрал-жабдықтар мен лицензияланған бағдарламалық қамтамасыздандыруды алуға қысқартылған қаржы ресурстарын бөлу туралы мәселені қарастыруда» .*

Назарыңызды Үкіметтің 2019 жылы 06 қаңтарындағы № 908 «Қазақстан Республикасының «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының жүзеге асырылуы туралы» қаулысының да, Қазақстан Республикасының Президентінің 2020 жылдың 8 сәуіріндегі №299 «2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Жарлығында да ИІМ-нің 15.01.2021 жылғы № ЗТ-Ш – 817 жауабында көрсетілген сандар жоғына (атап айтқанда 14 186 871 мың теңге (2020 жылы – 12 124 179 мың теңге, 2021 жылы-2 062 692 мың теңге) аударуыңыз аса маңызды деп деп санаймыз.

Сондай-ақ, «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңда «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңмен ұштасқан нақты сандар мен шығыстардың нақты іпаттамасы жоқ екенін атап өткен жөн. Тек жалпы шығыстар көрсетіледі. ҚР «Еркіндік Қанаты» қоғамдық қорының директоры Е.А. Швецованың тарапынан 09.02.2021 жылы сұрау салынды. ИІМ назарына келесі сұрақтар қойылды:

1

«ЖБС» ААЖ құрылуына бағытталған шығыстардың қысқартылуы жайындағы шешім қандай құжат, не талдауға сәйкес қабылданды?

2

БАҚ-та, сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан «мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 Қаулысында «ЖБС» ААЖ құрудың техникалық-экономикалық негіздемесі (ТЭН) туралы айтылады. Танысу мақсатында ТЭН-ге сілтеме ұсынуды сұраймыз.

**3** Екі заң бар: «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң және «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң. Екі заңда да 2021, 2022 жылдарға көзделген шығыстарды қамтитын бекітілген республикалық бюджет көрсетілген. Алайда, осы екі заңда шығыстар көрсеткіштері сәйкес емес. Осыған байланысты келесі сұрақ туындайды: осы екі заңның қайсысында «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның енгізілуімен байланысты шығыстар туралы нақты және сенімді ақпарат бар?

Біз 16.01.2021 жылғы шығыс нөмірі 15-15-1-17/3Т-Ш-2474 жауап алдық.

Төменде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жауабы көрсетілген:

«Жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – «ЖБС» ААЖ) құруға қаржы қаражатын бөлуге және жұмсауға қатысты Сіздің өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

***Бірінші сұрақ бойынша:***

«ЖБС» ААЖ құруды қоса алғанда, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның ережелерін тікелей қолданысқа енгізуге мемлекеттік бюджетті бөлу туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 908 Қаулысында (06.12.2019 ж., 30.12.2019 ж., 29.01.2020 ж., 06.11.2020 ж., 10.12.2020 ж., 29.12.2020 ж. өзгерістерімен) көрсетілген.

«2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы».

***Екінші сұрақ бойынша:***

«ЖБС» ААЖ құруға арналған шығыстарды қысқарту туралы шешім Республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – РБК) отырысында қабылданды (2020 жылғы 2 сәуірдегі № 6 РБК хаттамасымен «ЖБС» ААЖ құру жобасын іске асыруға арналған шығыстар 6 112 632 989 теңгеге қысқартылды) «2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі №299 Жарлығына сәйкес 2020 жылы «ЖБС» ААЖ құруға арналған шығыстар 6 112 633 мың теңгеге қысқартылды.

***Үшінші сұрақ бойынша:***

«Жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі ақпарат жариялануға жатпайтын қызметтік ақпарат болып табылады.

***Төртінші сұрақ бойынша:***

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңды қолданысқа енгізумен ұштасқан шығындар туралы ақпарат 2019 жылғы 4 желтоқсандағы «2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда» қамтылған, «ЖБС» ААЖ құруға шығыстар қарастырылған.

2020-2022 жылдарға арналған ИМ – нің бекітілген бюджетінде «ЖБС» ААЖ құруға 14 186 871 мың теңге сомасында, оның ішінде 2020 жылға – 12 124 179 мың теңге, 2021 жылға – 2 062 692 мың теңге мөлшерінде шығыстар көзделген (РБК 27.08.2019 ж. №23 шешімі, «Қазақстан Республикасының «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.12.2019 ж. Қаулысы) («Әділет» АҚЖ, Өзгерістер тарихы).

Алайда, республикалық бюджетті оңтайландыруға байланысты 2020 жылға арналған бюджетті нақтылау шеңберінде РБК-нің 2020 жылғы 4 ақпандағы №6 шешімімен көрсетілген мақсаттарға арналған шығыстар 6 112 633 мың теңгеге **қысқартылды** («2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Заңы бойынша «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 09.04.2020 жылғы Қаулысы).

Бюджет кодексінің 2-бабына сәйкес жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдары бойынша республикалық бюджет туралы заңға қосымшалардың қолданысы келесі жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін **күшін жояды**.

«2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда «ЖБС» ААЖ құруды жалғастыруға шығыстар көзделмеген, өйткені ИМ бюджеттік өтініміне 2021-2023 жылдарға арналған лимит шегінде (лимиттер РБК 04.05.2020 ж. №9 шешімімен айқындалған) Қаржы министрлігі жеткізген лимиттерде бюджет қаражатының болмауына байланысты (Бюджет кодексінің 67-бабының 1-1-тармағының талаптарына сәйкес) бұл шығыстар енгізілмеген.

ИМ-нің 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қараудың екінші кезеңінде көрсетілген шығыстар проблемалық мәселелер тізбесіне енгізілді.

Алайда, Республикалық бюджет комиссиясының жұмыс органы – Қаржы министрлігі жоғарыда көрсетілген шығыстарды шұғыл қаржыландыруды талап ететін ИМ-нің проблемалық мәселелері тізбесінен алып тастады.

## 2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСЫМДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТ

2020 жылғы 2 желтоқсанда «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заңмен 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет бекітілді.

**2021 жылға арналған республикалық бюджет** [1] 11 276 999 610 мың теңге мөлшерінде кірістерді, 13 756 154 377 мың теңге мөлшеріндегі шығыстарды қарастырады.

	Сомасы, (мың теңге)
<b>Бюджет дефициті (профициті)</b>	<b>-2 603 284 661</b>
Мұнайдан бөлек дефицит (профицит)	-6 963 843 861
Дефицитті қаржыландыру (профицитті қолдану)	2 603 284 661



**2022 жылға арналған республикалық бюджет** [2] 11 656 462 803 мың теңге мөлшеріндегі кірістер мен 13 767 094 057 мың теңге мөлшеріндегі шығыстарды қарастырады.

	Сомасы, (мың теңге)
<b>Бюджет дефициті (профициті)</b>	<b>-2 060 482 484</b>
Мұнайдан бөлек дефицит (профицит)	-5 184 589 784
Дефицитті қаржыландыру (профицитті қолдану)	2 060 482 484

**2023 жылға арналған республикалық бюджет** [3] 11 907 753 852 мың теңге мөлшеріндегі кірістер мен 13 868 421 421 мың теңге мөлшеріндегі шығыстарды қарастырады.

	Сомасы, (мың теңге)
<b>Бюджет дефициті (профициті)</b>	<b>-1 874 835 214</b>
Мұнайдан бөлек дефицит (профицит)	-4 946 412 914
Дефицитті қаржыландыру (профицитті қолдану)	1 874 835 214


ІІМ немесе «экономикалық зерттеулер институты» АҚ ұсынған «дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңды енгізу үшін қажетті қосымша шығыстар республикалық бюджетте жеке санат ретінде аталмаған. Осыған орай, ІІМ, ҰҚК және ӘМ үшін көзделген шығындардың 1) «жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру және қолдауды; 2) қосымша тиісті қызметкерлерді қамтамасыз етіп, оқытуды; 3) серверлік жабдықты, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, дактилоскопиялық тіркеу станцияларын (бағдарламалық-аппараттық кешендер) сатып алуды; 4) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне аттестаттық тексеру және сынақ жүргізуді; және т.б. қамти отырып, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» ҚР Заңының жобасында көзделген шараларды іске асыруды қамтитынын тек болжап қана қоюға болады.

Осыған ұқсас жағдай бұдан бұрын да орын алған. Мәселен, «Жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (ЖБС ААЖ МИЖ) құру 2019-2021 жылдары өтуі тиіс еді, алайда 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджетте «оны іске асыруға қаржыландыру көзделмеген». Бұл ретте тиісті шығыстарды ІІМ-нің 2018 жылы бірақ «кейінге қалдыру шартымен» қаржыландыруы туралы өтінішті республикалық бюджет комиссиясы қолдамады. Ағымдағы жылы ІІМ заңды қаржыландыру мәселесін экономикалық сараптаманың болмауына байланысты шығара алмайды. 2019 жылы жобаны қаржыландыру болмаған жағдайда, ТЭН-ге түзетулер енгізу және барлық рәсімдерді қайтадан өту қажеттілігі туындайды. Осыны ескере отырып, біз 2020 жылы осындай жағдайға тап боламыз, ал Заңның қолданысқа енгізілу мерзімі өтіп кетеді[4].

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу рәсімдеріне байланысты тиісті шараларды іске асыру шығыстарды ұлғайтудың және бюджет тапшылығын тиісті ұлғайтудың «көмекші құралы» болуы мүмкін екенін ескере отырып, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның 2021 жылғы 01 шілдедегі (геномдық тіркеу туралы ереже) және 2023 жылғы 01 қаңтардағы (дактилоскопиялық тіркеу туралы Ереже) қолданысқа енгізілуі бюджетте көзделген экономикалық шынайылық пен басымдылықтың сәйкессіздігі ретінде түсіндірілуі мүмкін.

Пандемия зардаптарымен шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу 2021-2023 жылдар кезеңіне арналған республикалық бюджеттің бірінші кезектегі және басым бағыты болып табылады. Демек, «дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңды (геномдық тіркеуді реттейтін нормаларды қоса алғанда) қолданысқа енгізу және тиісті шараларды іске асыруды ұлттық экономиканың неғұрлым тұрақты кезеңіне қалдырған жөн.


### 3. ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНОМДЫҚ АҚПАРАТТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ



Осы зерттеу шеңберінде Google Forms платформасын пайдалана отырып, онлайн форматта Қазақстан азаматтарына сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты «дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның ережелерін қабылдауға дайындық деңгейін және хабардарлығын анықтау болып табылады. Респонденттердің саны 136 адамды құрайды. Респонденттердің назарына жеті сұрақ ұсынылды.

*Бірінші сұрақ: «Сіздің жасыңыз нешеде?» (№1 Диаграмма).*

18 жасқа дейінгі респонденттер саны 6 адамды құрайды; 18 - ден 25 жасқа дейін (қоса алғанда) – 88 адам; 26 - дан 45 жасқа дейін – 37 адам; 46-дан 65 жасқа дейін – 5 адам.



Бұл сауалнамаға әр жас тобындағы адамдардың салыстырмалы тең санына қатысу ұсынылды. Алайда, № 1 диаграммада 18-ден 25 жасқа дейінгі (қоса алғанда) адамдар ең белсенді азаматтық ұстанымға ие екендігі көрсетілген.

2-4 сұраққа ойлана отырып, саналы түрде жауап беру үшін респонденттерге № 1 суретте көрсетілген ақпарат берілді.

Дактилоскопиялық тіркеу - дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және қорғау болып табылады.

Дактилоскопиялық ақпарат дегеніміз - адамның немесе танылмаған мәйіттің саусақтарының және (немесе) қол алақандарының папиллярлы сызық өрнектері ерекшеліктерінің биометриялық деректері.

№ 1 Сурет

**Екінші сұрақ: «Дактилоскопиялық тіркеуден өткізіз келеді ме?»**

**(№2 Диаграмма).**

Респонденттердің басым көпшілігі (85 адам немесе 62,5 %) дактилоскопиялық тіркеуден өтуді қаламайтындықтарын айтты. Сонда да, респонденттердің салыстырмалы түрде үлкен пайызы (51 адам немесе 37,5 %) дактилоскопиялық тіркеуден өтуге дауыс берді.



№ 2 Диаграмма


**Үшінші сұрақ: «Егер сіздің жауабыңыз «иә» жауабына жақын» болса, неге?» (№3 Диаграмма).**

Ең көп таралған жауап: «Қоғамдық қауіпсіздік деңгейін көтеру үшін дактилоскопиялық тіркеу қажет деп санаймын» - 51 респонденттің 34-і. «Көші-қонды бақылауды күшейту және қылмыстың алдын алу үшін міндетті дактилоскопиялық тіркеуді енгізу қажет деп ойлаймын» жауабы 51 респонденттің 31-інің таңдауы болды.

51 респонденттің 27-і «Міндетті дактилоскопиялық тіркеуді енгізу азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу деңгейін арттырады деп ойлаймын» деген жауапты таңдады. «Менің ойымша, дактилоскопиялық тіркеуді мына принциптер бойынша таңдау арқылы жүргізу керек деп ойлаймын: (пропорционалдылық, заңдылық, қажеттілік)» деген ашық жауапты 51 респонденттің 1-і ұсынды.

## Егер сіздің жауабыңыз “ия” жауабына жақын болса, неге?

61 жауап



№ 3 Диаграмма

Бұл сұраққа жауап ретінде респонденттерге төрт нұсқа ұсынылғанын ескеру қажет, олардың біреуі ашық болды. Бұл сұраққа жауаптар шектеулі болған жоқ, респонденттерге сұхбат алушы ұсынған жауаптардың кез келген санын таңдау мүмкіндігі берілді. Сондықтан респонденттердің арасында сұхбат алушы ұсынған барлық үш жауапты таңдағандар, сондай-ақ өздерінің Жауап нұсқасын ғана көрсеткендер бар. Жауап нұсқаларын таңдау мүмкіндігінің шектелмеуі адамдардың дактилоскопиялық тіркеуден міндетті, бірақ сонымен бірге ерікті түрде өтуге деген ниетінің себептерінің кең тізімін алуға бағытталған.


**Төртінші сұрақ: «Егер сіздің жауабыңыз «жоқ» жауабына жақын» болса, неге?» (№4 Диаграмма).**

Ең көп таралған жауап: «Алынған дактилоскопиялық ақпаратты қорғау жөніндегі уәкілетті органға қатысты менің тарапымнан сенім жоқ» - 85 респонденттің 69-ы. «Алынған дактилоскопиялық ақпаратты заңсыз пайдалану қаупі бар деп ойлаймын» деген жауап 85 респонденттің 62-сінің таңдауы болды.

85 респонденттің 49-ы «Дактилоскопиялық ақпараттың дерекқорына рұқсатсыз қол жеткізу қаупі бар деп ойлаймын» деген жауапты таңдады. «Мұндай деректер қылмыскерлерден жиналады. Демек, мемлекет мені ықтимал қылмыскер деп санайды», «Болашақта жасырындықты қаламайтыныма сенімді емеспін» және «Менің ойымша, бұл құпия ақпарат, мен оны ашқым келмейді. Менің деректерім тек маған тиесілі болуы керек» деген ашық үш жауапты 85-тен бір респондент ұсынды.

## Егер сіздің жауабыңыз “ЖОҚ” жауабына жақын болса, неге?

93 жауап



№ 4 Диаграмма

Бұл сұраққа жауап ретінде респонденттерге төрт нұсқа ұсынылғанын ескеру қажет, олардың біреуі ашық болды. Бұл сұраққа жауаптар шектеулі болған жоқ, респонденттерге сұхбат алушы ұсынған жауаптардың кез келген санын таңдау мүмкіндігі берілді. Жауап нұсқаларын таңдау мүмкіндігінің шектелмеуі адамдардың міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеуден өтуді қаламауының себептерінің неғұрлым кең тізбесін алуға бағытталған.

5-7 сұраққа ойлана отырып, саналы түрде жауап беру үшін респонденттерге № 2 суретте көрсетілген ақпарат берілді.

Геномдық тіркеу - биологиялық материал мен геномдық ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және қорғау болып табылады

Геномдық ақпарат дегеніміз - адамның немесе танылмаған мәйіттің ДНҚ фрагменттері бойынша кодталған ақпарат.


Биологиялық матераил - адам немесе мәйіт денесінің геномдық ақпараты бар бөліністер мен тіндер.

№ 2 Сурет

**Бесінші сұрақ: «Геномдық тіркеуден өткізіз келеді ме?»**

**(№5 Диаграмма)**

Респонденттердің басым көпшілігі (86 адам немесе 63,2 %) геномдық тіркеуден өтуді қаламайтындықтарын айтты. Сонда да респонденттердің едәуір пайызы (50 адам немесе 36,8 %) геномдық тіркеуден өтуге дауыс берді.



№ 5 Диаграмма

**Алтыншы сұрақ: «Егер сіздің жауабыңыз «ИӘ» жауабына жақын» болса, неге?»**

**(№6 Диаграмма)**

Ең көп таралған жауап: «Менің ойымша, геномдық тіркеу қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін қажет» - 50 респонденттің 28-і. «Міндетті геномдық тіркеуді енгізу азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деп ойлаймын» деген жауап 50 респонденттің 25-нің таңдауы болды.

50 респонденттің 23-і «Көші-қонды бақылауды күшейту және қылмыстың алдын алу үшін міндетті геномдық тіркеуді енгізу қажет деп ойлаймын» деген жауапты таңдады. «Мен кенеттен өмірден озып кетіп, менің мәйітімді анықтай алмаған жаңдайда жағдайда бұл өте пайдалы болады. Тек мұндай жағдайларда емес, жағандық мәселелерге көмектеседі деп ойлаймын», «Менің ойымша, бұл құрал өте қажет, бірақ ол үшін дамыған механизм керек.» және «Әлі дайын емеспін» деген ашық үш жауапты 50 респонденттің бірі ұсынды.

**Егер сіздің жауабыңыз “ия” жауабына жақын болса, неге?**



№ 6 Диаграмма

Бұл сұраққа жауап ретінде респонденттерге төрт нұсқа ұсынылды, олардың біреуі ашық болды. Респонденттерге интервьюер ұсынған жауаптардың кез келген санын таңдау мүмкіндігі берілді. Жауап нұсқаларын таңдау мүмкіндігінің шектелмеуі адамдардың міндетті геномдық тіркеуден өтуді қалауының себептерінің кең тізімін алуға бағытталған.

**Жетінші сұрақ: «Егер Сіздің жауабыңыз «жоқ» жауабына жақын» болса, неге?»**

**(№7 Диаграмма).**

Ең көп таралған жауап: «Алынған геномдық ақпаратты қорғау жөніндегі уәкілетті органға қатысты менің тарапымнан сенім жоқ» - 86 респонденттің 66-сы. «Алынған геномдық ақпаратты заңсыз пайдалану қаупі бар деп санаймын» жауабы 86-дан 61 респонденттің таңдауы болды. 86 респонденттің 57-і «Геномдық ақпараттың дерекқорына рұқсатсыз қол жеткізу қаупі бар деп ойлаймын» деген жауапты таңдады. «Мен болашақта анонимділікті қаламайтыныма сенімді емеспін» ашық жауабын 86-дан 1 респондент ұсынды.

Егер сіздің жауабыңыз “ЖОҚ” жауабына жақын болса, неге?



Диаграмма № 7

Бұл сұраққа жауап ретінде респонденттерге төрт нұсқа ұсынылды, олардың біреуі ашық болды. Респонденттерге сұхбат алушы ұсынған жауаптардың кез келген санын таңдау мүмкіндігі берілді. Жауап нұсқаларын таңдау мүмкіндігінің шектелмеуі адамдардың геномдық тіркеуден өтуді қаламауының негізділігінің себептерінің кең тізімін алуға бағытталған.

Жүргізілген сауалнама сұрау салынған топтың басым бөлігінің міндетті дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден ерікті түрде өтуге әзірлігі мен хабардарлығының салыстырмалы түрде төмен деңгейінің көрнекі көрсеткіші болып табылады. Респонденттердің көпшілігі мемлекеттік органдарға сенімнің жеткілікті деңгейінің болмауына байланысты дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден өтуді қаламайды. Сенімнің болмауы, әдетте, дактилоскопиялық ақпараттың дерекқорына рұқсатсыз қол жеткізу және алынған дактилоскопиялық ақпаратты заңсыз пайдалану қорқынышымен байланысты.

Алайда, респонденттердің шамамен 40% дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден өтудің маңыздылығын түсінеді, олар дактилоскопиялық және геномдық тіркеуден тек «жетілдірілген механизмнің» болуы жағдайында өтіге дайын. Азаматтарға олардың биометриялық деректері жеткілікті түрде қорғалғанына және олардың биометриялық мәліметтеріне рұқсатсыз қол жеткізу немесе заңсыз пайдалану қаупі төмен екеніне және іс жүзінде нөлге тең екендігіне сенім қажет.

---

**Осылайша, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңды (геномдық тіркеу туралы ережелерді қоса алғанда) қолданысқа енгізу алдындағы ең маңызды мәселе – Қазақстан азаматтары мен тиісті мемлекеттік органдар арасында тиісті нормативтік құқықтық актілердің және материалдық-техникалық базаның сапасын жақсарту арқылы ғана емес, сондай-ақ Заңды қолданысқа енгізуге байланысты барлық кезеңдер туралы ресми және дұрыс ақпараттың барынша толық пакетін халыққа ұсыну арқылы сенімді қатынастар орнату болып табылады. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың дактилоскопиялық және геномдық тіркеу үрдісінің барынша ашықтығы шарттарын сақтауына кепілдіктер беру қажет.**




## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ

Биометриялық деректердің сезімтал сипатына қарамастан, көптеген елдерде биометрияны қолдануға рұқсат етіледі. «Comparitech» Британдық компаниясының биометриялық деректер қайда жиналатыны, не үшін және қалай сақталатыны туралы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 50 елдің ішінде АҚШ, Қытай және Пәкістан биометриялық деректерді жинауды агрессивті түрде жүргізетін 3 елдің қатарына кірді. Өз кезегінде, жеке деректерді қорғау режимін сақтайтын үздік 3 ел ретінде Ирландия, Португалия және Еуропалық Одақ (ЕО) ұсынылған.

АҚШ-та биометрияның дамуына серпін болған 9/11 террорлық шабуылы, одан кейін халықтың 75% - ы биометриялық паспорттау идеясын қолдады. Нәтижесінде, террористік қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін елдің құқық қорғау органдарының базаларында бет-әлпетті тану технологиясы арқылы алынған 117 миллионнан астам американдық азаматтар туралы биометриялық ақпарат бар. АҚШ-та биометриялық деректерді жинау мен пайдалануды реттейтін бірыңғай федералды заң жоқ, бірақ заңдар жеке Штаттар деңгейінде қабылданды, соның ішінде Иллинойс, Техас, Вашингтон және Калифорния.





ЕО елдерінде, соның ішінде Ұлыбританияда биометриялық жүйелер нарығы дамыған және жүйелерді шекаралық бақылау қызметтері, құқық қорғау органдары, банк құрылымдары және көлік операторлары кеңінен қолданады.

GDPR деректерді реттеудің жеке-құқықтық саласына бағытталған ЕО – ның дербес деректерді қорғау туралы заңнамалық актісі қылмыстарды тергеу, қоғамдық қауіпсіздік және т. б. мақсаттарда дербес деректерді пайдалануды және қорғауды Заңның қолданылу аясынан шеттетеді. Мысалы, Ұлыбританияда 5 миллионнан астам профилі бар ДНҚ-ның ең ірі ұлттық базаларының бірі бар, сондай-ақ Интерполдың биометриялық мәліметтер базасы немесе әуежайларда көші-қонды бақылау үшін жолаушылардың биометриялық мәліметтер базасы. Сондай-ақ, егер әдетте ДНҚ үлгілерін олар қолданылған іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін сақтауға жол берілмесе, егер сот оларды басқа адамдардың өміріне және қауіпсіздігіне қарсы ауыр қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп тапса, бұл мүмкін болады.

Атап айтқанда-құқықтық салада GDPR кез келген ұйымды деректерді жинағанға дейін пайдаланушының келісімін сұрауға міндеттейді. Деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайтын компаниялар айыппұл төлеуге міндетті болады. Сондай-ақ, пайдаланушы «жадыдан жою құқығына» немесе «ұмытылу құқығына» ие, бұл интернеттен және іздеу жүйелерінен өзі туралы деректерді жою туралы сұраулар жіберуге мүмкіндік береді; Google бұл құқықты бүкіл әлемге таратудан бас тартты.

Үндістанда 2008 жылдан бастап әлемдегі ең үлкен Aadhaar жобасы жүзеге асырылуда, оның 2017 жылда жиналған биометриялық профильдері 1 миллиардтан астам адамды құрайды. Қытай мен Сауд Арабиясында SIM картасын сатып алу кезінде биометриялық сәйкестендіруден өту міндетті. Көрші Ресейде 2018 жылдан бастап бірыңғай биометриялық жүйе — азаматтардың биометриялық деректерін сақтайтын база іске қосылды.

# ҰСЫНЫСТАР

Осы зерттеуде аталып өткен ұсыныстардың сипаты «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңның қоғамдық сипатына тікелей байланысты. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді мемлекеттік органдар жүзеге асыратынын ескере отырып, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң шеңберінде тиісті мемлекеттік органдар қызметкерлерінің барлық іс-әрекеттері заңға тәуелді актілерде барынша егжей-тегжейлі жазылуға тиіс. Тиісті мемлекеттік органдардың қызметкерлері өз өкілеттіктерін жария құқықтың негізін қалаушы: «Рұқсат етілмегеннің бәріне тыйым салынады.» қағидатына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуді жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдардың дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинау, өңдеу және қорғау, биологиялық материалды іріктеу, пайдалану, адамның жеке басын анықтау немесе растау жөніндегі қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайтын құжат ретінде Үкіметтің 2018 жылғы 31 қаңтардағы Қаулысымен бекітілген дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларында[5] келесі қағидалар белгіленуі тиіс:

1

Біріншіден, дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және геномдық тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлерінің классификациясын әзірлеу қажет. Классификация олар қол жеткізе алатын (дактилоскопиялық немесе геномдық) ақпарат түріне және осындай ақпаратпен жүзеге асырылатын іс-әрекеттерге байланысты тиісті санаттар форматында ұсынылуы тиіс, мысалы:

1) «1-F [6] санатындағы қызметкерлер» - дактилоскопиялауды (дактилоскопиялық ақпаратты жинауды) жүзеге асыруға айрықша өкілеттіктері бар тұлғалар);



1-1) «1-G [7] санатындағы қызметкерлер» - геномдық ақпаратты жинауды жүзеге асыруға айрықша өкілеттіктері бар адамдар;

2) «2-F санатындағы қызметкерлер» - дактилоскопиялық ақпаратты иесіздендіруге айрықша өкілеттіктері бар адамдар;

2-1) «2-G санатындағы қызметкерлер» - геномдық ақпаратты иесіздендіруге айрықша өкілеттіктері бар адамдар;

3) «3-FD санатындағы қызметкерлер[8]» - дактилоскопиялық ақпаратты иесіздендіруді алып тастау туралы шешім қабылдауға айрықша өкілеттігі бар адамдар;

3-1) «3-F санатындағы қызметкерлер» - дактилоскопиялық ақпаратты иесіздендіруді алып тастауға *айрықша өкілеттігі* бар адамдар;

3-2) «3-GD санатындағы қызметкерлер» - геномдық ақпаратты иесіздендіруді алып тастау туралы шешім қабылдауға *айрықша өкілеттіктері* бар адамдар;

3-3) «3-G санатындағы қызметкерлер» - геномдық ақпаратты иесіздендіруді алып тастауға *айрықша өкілеттіктері* бар адамдар;

4) «4-FD санатындағы қызметкерлер» - дактилоскопиялық ақпаратты жою туралы шешім қабылдауға *айрықша өкілеттігі* бар адамдар;

4-1) «4-F санатындағы қызметкерлер» - дактилоскопиялық ақпаратты жоюға *айрықша өкілеттігі* бар адамдар;

4-2) «4-GD санатындағы қызметкерлер» - геномдық ақпаратты жою туралы шешім қабылдауға *айрықша өкілеттіктері* бар адамдар;

4-3) «4-G санатындағы қызметкерлер» - геномдық ақпаратты жоюға *айрықша өкілеттіктері* бар адамдар.

5) «F – санатты қызметкерлер»- Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйеде дактилоскопиялық ақпараты бар «ЖБС» ААЖ деректер базасының ішкі жүйесіне қол жеткізуге *айрықша құқығы* бар адамдар.

5-1) «G – санатты қызметкерлер» - Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйеде геномдық ақпараты бар, «ЖБС» ААЖ дерекқорының ішкі жүйесіне қол жеткізуге *айрықша құқығы* бар адамдар.

\* Биометриялық деректермен байланысты іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін тиісті ерекше өкілеттігі жоқ адамдардың мұндай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.. Дактилоскопиялық және/немесе геномдық ақпаратқа қол жеткізуге және онымен жұмыс істеуге айрықша өкілеттігі жоқ адамдар ресми сұрау салуға міндетті.

Сұрау салу нысанына (Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларының № 4 қосымшасы): қызметкер дактилоскопиялық және/немесе геномдық ақпаратқа жіберілуі мүмкін негіздердің толық тізімін қосу, сондай-ақ осындай қол жеткізуді ұсынуға уәкілетті адамды айқындау арқылы өзгерістер енгізу қажет.

\*\* Бір қызметкер ақпараттың тек бір түріне ғана қол жеткізуге құқылы: дактилоскопиялық немесе геномдық.

## 2

Екіншіден, дактилоскопиялық ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлерге және дактилоскопиялық ақпаратқа қол жеткізе алатын жұмысшыларға белгілі бір біліктілік талаптарын белгілеу қажет. Дактилоскопиялық немесе геномдық ақпаратқа рұқсат алу алдында қызметкерлер келесі талаптарды орындауға міндетті:

1) дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласында теориялық білім алу, сондай-ақ немесе геномдық ақпаратты жинау, өңдеу және қорғаудың белгілі бір практикалық дағдыларын меңгеру мақсатында тиісті оқытудан өтуге міндетті.

Бірінші тармақты жүзеге асыру үшін арнайы оқу бағдарламасын әзірлеу қажет, сәйкесінше, осындай бағдарламаны жасаушыларды, сондай-ақ қызметкерлер арасында білім мен дағдыларды іс жүзінде енгізетін оқытушыларды табу қажет.

2) Оқыту аяқталғаннан кейін тиісті тестілеуден сәтті өту. Одан өту жұмыскердің білім мен дағдылардың жеткілікті деңгейін меңгеруіне кепілдік береді.

Екінші тармақты іске асыру мақсатында психологиялық тестілеуді қамтитын тестілеу құрылымын әзірлеу қажет. Сондай-ақ, тестілеуден өтудің шекті деңгейін белгілеу қажет, мысалы, 100% - дан 70% - ы.

3) Жыл сайын жылына екі рет Қазақстан аумағында өтетін қысқа мерзімді, мысалы, апталық оқыту семинарларына қатысу. Конкурстық негізде жылына бір рет шетелдік оқыту семинарларына қатысу.

Үшінші тармақты іске асыру мақсатында семинарларды өткізуге жауапты адамдарды айқындау, сондай-ақ тиісті конкурстық іріктеуді өткізу қағидаларын әзірлеу қажет.

4) Жыл сайын жылына бір рет аттестаттаудан өту. Оның нәтижелері бойынша комиссия тиісті шешім қабылдайды.

Төртінші тармақты іске асыру мақсатында дактилоскопиялық ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын, сондай-ақ геномдық ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту қажет.

Сондай-ақ: 1) дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді иесіздендіруді алып тастау; 2) дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жою; 3) дактилоскопиялық ақпаратқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу негіздерінің жабық және толық тізбесін әзірлеу және бекіту қажет.

Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуден басқа, халықпен азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыруға бағытталған жұмыс жүргізу қажет. Ресми медиа-ақпараттық науқанды әзірлеу, ұйымдастыру және іске асыру қажет. Ресми науқанның міндеттері, біріншіден, дактилоскопиялық және геномдық тіркеуге, дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинау мақсаттарына қатысты ресми, дәл, жан-жақты және жалпыға қол жетімді ақпарат беру болып табылады. Екіншіден, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңды күшіне енгізу қажеттілігін жоққа шығаруға ықпал ететін ең көп таралған мифтер мен жаңылыстарды жою.

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жеке өмірге қолсұғылмаушылыққа әсерін бағалауды жүргізу қажет (Privacy Impact Assessment, PIA) [9]. Мұндай бағалауды жүргізу адам құқықтарының бұзылу қаупін анықтап қана қоймай, сонымен қатар қоғам тарапынан мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

"Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Заңды қолданысқа енгізу экономикалық ашықтықтың қамтамасыз етілуі, экономикалық басымдық шарттарының сақталуы, халықтың дактилоскопиялық және геномдық тіркеуге дайындығы мен хабардарлығы, сондай-ақ дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты қорғаудың жоғары деңгейіне байланысты ұлттық құқықтың халықаралық стандарттарға сәйкестігі шартын сақтай отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

- 
- [1] [Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңы](#)
- [2] [Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңы](#)
- [3] [Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңы](#)
- [4] «Когда всех казахстанцев обяжут сдавать отпечатки пальцев» [Қашан барлық қазақстандықтар саусақ іздерін тапсыруға міндетті болады] // [https://forbes.kz/process/vvedenie\\_daktiloskopicheskoy\\_registratsii\\_v\\_kazahstane\\_mogut\\_otlojit/](https://forbes.kz/process/vvedenie_daktiloskopicheskoy_registratsii_v_kazahstane_mogut_otlojit/)
- [5] [«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 желтоқсандағы № 36 Қаулысы](#)
- [6] F (fingerprint) – саусақ ізі
- [7] G (genome) - геном
- [8] D (decision) - шешім
- [9] [«Биометрическая идентификация в Казахстане. Правовые особенности обработки биометрических данных граждан» // \[Қазақстандағы биометриялық сәйкестендіру. Азаматтардың биометриялық деректерін өңдеудің құқықтық ерекшеліктері.\]](#)